



**Автор:** Бейсекеева Шолпан Бергеновна

**Пән:** Сауат ашу

**Сынып:** 1-сынып


**Бөлім:** Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

**Тақырып:** Мен және табиғат. Ү дыбысы мен әрпі

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.2.5.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: 4 тарау бірінші және үшінші тарауларда қалыптасқан дағдыларға негізделеді. Оқушылар шағын танымдық мәтіндерден ақпарат алуға мүмкіндік беретінін түсінеді. Сонымен қатар, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс оқуға дағдыланады. Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. Кейбір оқушылар: тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Сабақ мақсаттары Бағалау критерийлері	Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіндіреді. Шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. Тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Құндылықтарды дарыту	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке, жұпта және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану, қазақ тілі, математика, музыка.
АКТ қолдану дағдылары	imekter.kz, bilimland.kz дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; Презентация
Ресурстар	Топқа бөлуге арналған кеспе әріптер, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, аудиовидеоматериалдар, кері байланыс парағы т.б.
Бастапқы білім	4 тарау бірінші және үшінші тарауларда қалыптасқан дағдыларға негізделеді. Оқушылар шағын танымдық мәтіндерден ақпарат алуға мүмкіндік беретінін түсінеді. Сонымен қатар, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс оқуға дағдыланады.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы</p>	<p><b>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</b>  <b>«Достық шеңбері» жылулық шеңбері</b></p> <p>Балалар шеңберге жиналады. Мұғалім ортаға орындық қойып, кез келген балаға отыруды ұсынады (ұялшақ, өзіне сенімсіз, жасқаншақ баланы шақырғаны жөн). Мұғалім «Күлгін көзілдірікті» киіп «күн сәулесін қорғайтын әйнегі күлгін түсті көзілдірік жарайды), ол арқылы адамның ең жақсы қасиеттерін көруге болатынын айтады да, ортада отырған баланың жақсы қасиеттерін айтады. Балалар қалаулары бойынша көзілдірікті кезекпен киіп, ортадағы баланы мадақтайды. «Жалаулар» алып, орындарына барып тұрады.</p> <p><b>Желбіретіп жалауды,  Қызықтырам талайды.  Қырандай самғамаймын,  Жұлдыздай жайнаймын,  Таудай биік боламын,  Көбелектей қонамын.</b></p> <p>16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» туралы презентация Алдыңғы білімді еске түсіру(ұжымда)?  (Ұ) Оқушылардың зейінін шоғырландыру  – Ал, қане, балалар, жаңа сабақты бастамас бұрын бір жұмбақ жасырайын:  <b>Ұқсаймын әріпке,  Тауып көр қай сан екенін.  Дуэт пен квартеттің  Ортасында тұрамын. (3 саны)</b></p>	 <p><a href="https://imektep.kz/kz/aldin-zhane-keyingi-san">https://imektep.kz/kz/aldin-zhane-keyingi-san</a></p>
----------------------	--	---

**Үш сөзіне дыбыстық талдау жасату.**

**ҚБ: «Жарайсыңдар»**

**Оқу мақсатымен таныстыру**

**Күтілетін нәтижені анықтау**

Ендеше, балалар бүгін біз сендермен мәтін иллюстрияциясы б/ша сұрақтар қоя білуді н/се оқығанымыз б/ша қойылған сұраққа жауап береміз. Сонымен қатар, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс оқуға дағдыланамыз.

**(ТЖ) Ойын «Күн! Тас! Қоршау!»**

**Оқушылар бірнеше топқа бөлініп отырады.**


**Ешбір қате жібермеген топ жеңімпаз атанады.**

**ҚБ: «Қолдарына смайлик жапсыру»**

**\*Аудиотыңдалым өлең «Қандай жақсы!»**

**(Ұ) 1-тапсырма: «Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі. «Орындап көр»**

**Оқушыларға оқулықтағы «Қандай жақсы!» атты өлеңің оқыту.**



Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіндіреді.

Шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.

Тақырып бойынша ой қорыту жасайды.

Қайда? Табиғат аясында, Ауыл сыртында, аулада.

Қалай? қуанышпен, шын көңілмен.

Қандай? бір бөлігін, үлкен үш бөлігін

– Бұл қай мезгілде болған?

– Бұл жаз мезгілінде болған.

– Балалар қайда келді және не үшін келді?...

– Табиғат аясында кімдерді көріп тұрмыз?

– Мен өзімді және достарымды көріп тұрмын.


– Мен алманы нешеге бөлдім?

– Мен алманы төртке бөлдім т.с.с

– Менің достарым қандай?

– Менің достарым ешқашанда бөлінбейтін нағыз шын достар. Қолда бар затымен бөлісу қандай жақсы!..

**ҚБ «ҚБ: «Бас бармақ» арқылы бірін-бірі бағалау»**



**Сергіту сәті: «Күн райы»**

**Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау**

– жазу үлгісін экраннан көрсету.

– Ү – Ұ салыстыру

– ауада жазу

– жазылым тапсырмасын орындату

**(ЖЖ) «Көңіліңізге айтыңыз» Сурдасу**

<https://imektep.kz/kz/zhuzhane-zhinishke-zhup-dauistilar>

<https://imektep.kz/kz/kuy2>

<https://imektep.kz/kz/kun>

<https://imektep.kz/kz/sutkorektiler>



<https://imektep.kz/kz/ankuy>

Сабақтың соңы

**Жаңа білім мен тәжірибені қолдану**

Сабақ бойынша өздерінің іс-әрекеттеріне рефлексия жасайды. Сабақта не көргенін, не бақылағанын, не зерттегенін айтып береді.

**Рефлексия «Көңілді күн»**

Кескінделген шеңберге түрлі-түсті алақан бейнесін жапсыруды ұсыну. Егер бәрін түсіндім десе, сары түсті, түсініксіз болды, сұрағым бар десе, қызыл түсті жабыстырады. Көңілді күн бейнесі шығу керек.

